

**Жоғары білімді медицина және фармацевтика мамандарын біліктілік санатын беру үшін аттестациядан өткізудің ережесі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 1 маусымдағы N 530 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 19 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1576. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 1071 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының " Білім беру туралы ", "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" заңдарын , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" қаулысын орындау, сондай-ақ жоғары білімді медицина және фармацевтика мамандарына біліктілік санатын беру үшін аттестация жүйесін жетілдіру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары білімді медицина және фармацевтика мамандарын біліктілік санатын беру үшін аттестациядан өткізудің ережесі бекітілсін .

2. Облыстардың, Астана мен Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің), ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары, ҚазММУ және медициналық академиялар, колледждер, республикалық медициналық ұйымдардың басшылары осы бұйрықпен бекітілген ереже талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ҚР Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің медициналық ғылым, білім және лицензиялау Департаментінің директоры **Х. Сағынға** жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

"Келісілген"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым  
министрлігінің Бірінші

Вице-Министрі

2001 ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_

"Бекітілді"

ҚР Денсаулық сақтау ісі

жөніндегі агенттігінің  
2001 жылғы 1 маусым

N 530 бұйрығымен

# **Жоғары білімді медицина және фармацевтика мамандарын біліктілік санатын беру үшін аттестациядан өткізудің ЕРЕЖЕСІ**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жоғары білімді медицина және фармацевтика мамандарын біліктілік санатын беру үшін аттестациядан өткізудің ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының " Білім беру туралы ", "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" заңдары , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" қаулысы негізінде әзірленген .

Біліктілік санатын беру аттестациясы Қазақстан Республика аумағында қарастырылған мамандықтар, дәрігерлік және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасы бойынша жүргізіледі.

2. Біліктілік санатын беру аттестациясынан өтуге жоғары медициналық білімді, емдеу-профилактикалық, санитарлық-эпидемиологиялық, дәріханалық ұйымдар мен денсаулық сақтау ісін басқару органдар қызметтеріне жіберілген адамдар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, денсаулық сақтау ісінің мемлекеттік емес саласында (бұдан әрі - денсаулық сақтау ұйымдары) жеке медицина практикасында және жеке фармацевтикалық қызметтермен айналысатын мамандар белгіленген тәртіппен жіберіледі.

3. Біліктілік санатын беру аттестациясының негізгі міндеттері: мамандардың кәсіби даярлық деңгейін анықтау, біліктілігі жоғарырақ және талапты мамандарды айқындау, нарықтық қарым-қатынас жағдайында еңбек төлем-ақысының саралану жолымен медициналық қызметкерлердің әлеуметтік сақталуын қамтамасыз ету .

4. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) аттестация - берілген құжатқа (куәлікке) мамандардың кәсіби дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатында жасалатын шара;

2) біліктілік санат - нормативтік өлшемдерге сәйкес қызметкердің кәсіби міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін біліктілік деңгейі.

5. Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді маманның біліктілігін аттестациялық комиссия үш біліктілік санат бойынша анықтайды: жоғары , бірінші , екінші .

6. Жоғары біліктілік санат жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді, осы мамандық бойынша кем дегенде он жыл, ал селолық денсаулық сақтау ісінің мамандары үшін кем дегенде жеті жыл жұмыс өтілі бар, жақсы жұмыс көрсеткіштерімен сипатталатын мамандарға және мынадай кәсіби

талаптарға сай беріледі:

1) жоғары біліктілік санат ізденушісі Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі заңдылықтар негізін, денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымы мен қағидаттарын, денсаулық сақтау ісінің экономикасы мен жоспарлауын білуі тиіс;

2) жоғары біліктілік санаты бар мамандар үшін мамандық бойынша біліктілік талаптарда қарастырылған терең теориялық даярлығы мен практикалық дағдылары болуы тиіс;

3) мамандығы бойынша соңғы 5 жылда кем дегенде 3 жарияланымы болуы қажет;

4) үздіксіз өз кәсіби деңгейін арттыруы, диагностика немесе емдеудің жаңа әдістерін игеруі және практикаға енгізуі қажет, соңғы 5 жыл ішінде кем дегенде 144 сағат дипломнан кейінгі даярлықтың (курстар, циклдер, тағылымдама және басқаларды) белгіленген нысан бойынша берілген куәлікпен расталған бір түрін өтуі тиіс;

5) теориялық даярлығы, кәсіби білімі мен дағдылары бойынша жоғары білікті маман денсаулық сақтау ісінің республикалық, облыстық және қалалық саласын сәйкес мамандық бойынша бас маман ретінде жоғары білікті басшылықпен қамтамасыз ете алады.

7. Бірінші біліктілік санат жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді, мамандығы бойынша тағылымы кем дегенде жеті жыл, ал селолық денсаулық сақтау мамандары үшін кем дегенде бес жыл, жақсы жұмыс көрсеткіштерімен сипатталатын мамандарға және мынадай кәсіби талаптарға сай беріледі:

1) бірінші біліктілік санат ізденушісі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жөніндегі негізгі заңдылықтарымен, денсаулық сақтау ісінің құрылымдарымен және қағидаттарымен таныс болу керек;

2) бірінші біліктілік санаты бар мамандар үшін мамандық бойынша біліктілік талаптарда көзделген жақсы теориялық даярлығы мен практикалық дағдылары болуы тиіс;

3) өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз көтеруі тиіс, диагностика немесе емдеудің жаңа әдістерін игеруі және практикаға белсенді түрде енгізуі қажет, соңғы бес жыл ішінде кем дегенде 72 сағат дипломнан кейінгі даярлықтың (курстар, циклдер, тағылымдар және басқалардың), белгіленген нысан бойынша берілген куәлікпен расталған бір түрін өту керек;

4) соңғы бес жыл ішінде мамандық бойынша кем дегенде 2 жарияланымы болуы керек;

5) шұғыл жағдайда жедел көмек көрсете білуі тиіс;

6) салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді түрде ат салысуға тиіс, орта

медициналық қызметтегі жас мамандардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізуі тиіс ;

7) бірінші біліктілік санаты бар маман теориялық даярлығы, кәсіби білімі мен дағдылары бойынша республикалық, облыстық және қалалық денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымында бөлімді, бөлімшені, зертхананы басшылықпен қамтамасыз ете алады және денсаулық сақтау басқармаларының органдарында бас маман міндетін атқара алады.

8. Екінші біліктілік санат жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді, мамандық бойынша жұмыс тағылымы кем дегенде бес жыл, ал селолық денсаулық сақтау ісі мамандар үшін - кем дегенде үш жыл, жақсы жұмыс көрсеткіштерімен сипатталатын мамандарға және мынадай кәсіби талаптарға сай беріледі :

1) екінші біліктілік санат ізденушісі Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау бойынша заңдылықтардың негізін білетінін көрсетуі керек ;

2) екінші біліктілік санаты бар мамандар үшін мамандық бойынша біліктілік талаптарда қарастырылған жақсы теориялық даярлығы мен практикалық дағдылары болуы тиіс ;

3) конференциялар, семинарлар, симпозиумдар жұмысына қатысу жолымен үздіксіз өзінің кәсіби деңгейін арттырып отыруы тиіс;

4) соңғы бес жылда мамандық бойынша кем дегенде бір жарияланым болуы керек ;

5) салауатты өмір сүру салтын насихаттауға белсенді ат салысуы керек, орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізуі керек;

6) теориялық даярлық және кәсіби дағдыларының деңгейі бойынша екінші біліктілік санатты маман қалалық және аудандық денсаулық сақтау ұйымының зертханасын, бөлімшесін, бөлімін басшылықпен қамтамасыз ете алады.

## **2. Аттестациялық комиссия және оның құрамы**

9. Біліктілік санатын беруге арналған аттестацияны жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарында орталық аттестациялық комиссия, аттестацияның нақты өткізілетін мерзімдерін белгілейтін, аттестациядан өтушінің жұмысына талдау жасайтын, аттестацияның қорытындысы бойынша шешімдер шығаратын мамандықтар бейіндері жөніндегі мамандандырылған аттестациялық комиссия құрылады .

10. Біліктілік санатын берудегі аттестациялық комиссия қызметкерлерінің құрамы мен өкілеттілік мерзімдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрығымен белгіленеді.

11. Аттестациялық комиссия мүшелерінің жалпы саны жұп саннан (7, 9, 11

адам) тұруға тиісті. Аттестациялық комиссия мынадай құрамда құрылады: аттестациялық комиссияның төрағасы - денсаулық сақтау ұйымының бастығы немесе бастығының орынбасары, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері. Комиссияның құрамына денсаулық сақтау басқармалары органдарының, медициналық білім беру, ғылыми ұйымдарының, жергілікті атқару органдарының басшылары мен қызметкерлері, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың өкілі кіреді.

### **3. Аттестацияны жүргізу тәртібі**

12. Қызметкерлердің аттестациясы денсаулық сақтау ұйымдарының уәкілетті органдары белгілеген кесте бойынша жүргізіледі.

13. Біліктілік санатын алуға аттестациядан өтуге ықылас білдірген мамандар аттестациялық комиссияға арыз тапсырады.

А р ы з б е н      қ о с а      м а м а н д а р :

1) ұйым басшысымен бекітілген және денсаулық сақтау басқармалары органдарының бас мамандары рецензиялаған, аттестациядан өтетін маманның ауруларды емдеу, оңалту, олардың диагностикасын ұйымдастыру мен жетілдіруде, сондай-ақ фармацевтикалық қызметтегі үлесін бейнелейтін, соңғы үш жылдағы жұмысын сипаттайтын ретті көрсеткіштер талдауымен өндірістік қызмет туралы есебін;

2) нотариустың куәландыруымен берілген дипломның көшірмесін;

3) нотариустың куәландыруымен берілген біліктілігін көтеруден өткені туралы куәліктің көшірмесін;

4) ұйым басшысының қолы қойылған өндірістік мінездемесін;

5) басылымда жарияланған мақалаларының тізімін беруге тиісті.

Комиссия аттестациядан өтетін маманның өтініш жасап отырған санат талабына сәйкестігі туралы ұсынысы бар аттестациялық қағазды ресімдейді (1-қосымша). Аттестациядан өтетін қызметкер аттестациялық комиссияның отырысына 10 күн қалғанша аттестациялық қағазбен танысып, оған қолын қоюы к е р е к .

14. Қызметкерлердің аттестациясының нәтижесі дауыс беру арқылы комиссияның қорытынды отырысында анықталады және жазбаша хаттамамен аттестациялық қағазда ресімделеді. Хаттамаға және аттестациялық қағазға аттестациялық комиссияның төрағасы, хатшысы мен комиссияның мүшелері қ о л д а р ы н      қ о я д ы .

15. Егер комиссияның қорытынды отырысына кем дегенде 2/3 адам қатысатын болса шешім дұрыс деп саналады. Дауыс берудің нәтижесі комиссияның қорытынды отырысына қатысушы мүшелердің санының көптігімен анықталады. Әрбір қызметкерге комиссия мына қорытындылардың бірін береді: өтініш жасаған санат талабына сәйкес келеді;

өтініш жасаған санат талабына сәйкес келмейді.

16. Қызметкерлерге берілген біліктілік санаты келесі кезекті аттестациядан өткенше сақталады.

17. Біліктілік санатын беру кезінде реттілікті сақтау қажет: жоғары, бірінші, екінші санаттар.

18. Маман біліктілік санатын алу үшін аттестациядан өтуге негізгі, сондай-ақ қосымша мамандығы бойынша өтініш жасауына болады.

19. Егер қызметкер аттестациядан өтуге өз тілегін білдіріп және оған берген өтініші бойынша біліктілік санаты берілмесе, ол бұрынғы санатында қалады.

20. Аттестацияға байланысты келіспеушіліктер күші бар заңға сәйкес қарастырылады.

21. Денсаулық сақтау ұйымдарында және денсаулық сақтау ісін басқару органдарында басшылық (бастығының орынбасары) лауазымында қызмет ететін, бөлімдері бар емханалардың меңгерушілері "әлеуметтік-гигиенист-денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы" және "провизор-ұйымдастырушы" мамандығы бойынша аттестациядан өтеді. Аталған мамандар дәрігерлік қызметтің қайсыбір мамандығы бойынша қосымша осы мамандық болу шартымен жалпы негізде аттестацияланады.

#### **4. Аттестациялық комиссия шешімін іске асыру**

22. Аттестациялық комиссияның жоғары біліктілік санатын беру туралы шешімі аттестация өткен күннен кейін бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрығымен бекітіледі.

23. Аттестация нәтижесі бойынша қызметкерлерге куәлік беріледі (2-қосымша). Куәліктің көшірмесі қызметкердің жеке іс-құжаттарында сақталады. Куәлік беру журналда тіркеледі (3-қосымша).

24. Біліктілік санатын беру туралы ресімделген куәлік Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында қолданылады.

25. Денсаулық сақтау практикасын дамытуға аса зор үлес қосқан мамандарға ұжымның кепілдемесі бойынша одан да жоғары біліктілік санатын беру үшін, ерекше ретте мерзімінен бұрын өтуге рұқсат беріледі, бірақ бұрынғы өткен аттестациядан кем дегенде үш жыл уақыт өтуі тиіс.

№ 1 қосымша

----- (министрліктің  
немесе ведомствоның атауы)

----- (денсаулық  
сақтау ұйымының атауы)

#### **АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ҚАҒАЗ**

беріледі.

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, санаты)

Туған жылы \_\_\_\_\_ Ұлты \_\_\_\_\_  
Медицинадағы өтілі \_\_\_\_\_ соның ішінде осы ұйымдағы \_\_\_\_\_  
Білімі \_\_\_\_\_

(оқу орнының атауы, бітірген жылы және алған мамандығы)  
Ғылыми атауы мен ғалым дәрежесі, құрмет белгілері \_\_\_\_\_

Қандай санатқа аттестациядан өтетін қызметкер өтініш берді

( ж а з у м е н )

Аттестациядан өтушінің қызметі туралы сын-пікір

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Денсаулық сақтау ұйымның  
бастығы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

Жұмыс туралы сын-пікірмен және  
тұжырымдармен таныстым " \_\_\_\_\_ "

(аттестациядан өтушінің қолы)

Аттестациялық комиссияның шешімі  
\_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ "

Аттестациялық комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Төрағаның орынбасары \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Хатшы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

К о м и с с и я н ы ң

мүшелері: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

№ 2 қосымша

**Біліктілік санатын беру туралы  
КУӘЛІК**

Осы куәлік аттестациялық комиссиясының біліктілік санатын беру туралы \_\_\_\_\_

200\_\_ж. "\_\_\_"\_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ шешіміне сәйкес  
\_\_\_\_\_ беріледі.

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

Аттестациялық комиссия  
төрағасы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)  
( қ о л ы )

Аттестациялық комиссияның  
хатшысы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)  
(қолы)

М.О.

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ Берілген күні \_\_ж."\_\_"\_\_\_\_\_

№ 3 қосымша

**Қызметкерлерге біліктілік санатын беру туралы куәлікті беруді  
тіркеуге арналған журналдың нысаны**

\_\_\_\_\_ (денсаулық сақтау ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ N  
Тегі, аты, Лауазым Аттестациялық Біліктілік Куәліктің Куәлік  
әкесінің атауы мен комиссия шеші. санат беру берілу алғанын  
аты берілген мінің шыққан жөніндегі күні қолын  
біліктілік күні бұйрықтың қоюмен



санаты

нөмірі

растау

мен күні

---

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК